# Қарағанды облысы Балқаш қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 486 қаулысы.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының 5) тармақшасына, 108-бабының 3 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қарағанды облысының Балқаш қаласының шекарасын (шегін) Актоғай ауданы жерінің жалпы ауданы 8 744 гектар бөлігін Балқаш қаласының шекарасына (шегіне) қосу жолымен өзгерту туралы бірлескен "Қарағанды облысының Балқаш қаласы мен Актоғай ауданының шекараларын өзгерту туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне келісуге енгізу туралы" Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 27 ақпандағы № 499 және Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 26 ақпандағы № 11/06 шешімі мен қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасының
Үкіметінің
2021 жылғы 14 шілдедегі
№ 486 қаулысына
қосымша

## Қарағанды облысы Балқаш қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын Актоғай ауданының жері бөліктерінің экспликациясы

| Р/с № | Жерлердің атауы | Жалпы ауданы (гектар) | оның ішінде: | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ауыл шаруашылығы алқаптары** | **ағаш көмкерген** | **басқа да жерлер** | | | |
| | | | **егістік** | **көп жылдық екпелер** | **тыңайған жер** | **жайылымдар** | | |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** | **9** |
| 1 | Балқаш қаласының бекітілген шекарасы (шегі) | 591591 | 262 | 224 | 174 | 516678 | - | 74253 |
| 2 | Балқаш қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің ауданы | 8744 | - | - | - | 8487 | - | 257 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Балқаш қаласының шекарасы (шегі) | 600335 | 262 | 224 | 174 | 525165 | - | 74510 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК